

## КІРІСПЕ

Құндылық адамның мінез-құлқы арқылы көрініс табады. Адамның жағымды не жағымсыз әрекетке бейімділігі табиғатынан берілмейді. Ол адамның айналасында орын алған әлеуметтік үдерістің нәтижесі болып табылады. Адам бойындағы сенім мен құндылық ерік-жігердің, сананың нәтижесі. Ата-аналар мен педагогтер қауымы бала бойына жастайынан жақсы қасиеттерді сіңіріп, моральдық тұрғыдан саламатты болып өсуін көздейді. Себебі әрбіріміздің көзқарасымыз, сеніміміз бен ұстанымымыз, әрекетіміз тек өз өмірімізге ғана емес, еліміздің болашағына да әсер етеді. Сондықтан қоғамымызда көркем мінездің қалыптасуына қызмет ету – парыз.

Балалардың рухани қажеттіліктері физикалық және материалдық қажеттіліктерге қарағанда ауқымды. Көптеген ата-ана баланың тек материалдық қажеттіліктерін қамтамасыз етумен ғана шектеледі. Бұл үрдіс жас ұрпақтың моральдық, рухани, эстетикалық және интеллектуалдық дамуының тоқырауына әкеліп соқтыратыны кәміл. Бұл ретте баланың рухани дамуы үдерісіндегі негізгі рөл педагогтерге тиесілі болып қала бермек. Баланың рухани қажеттілігін қамтамасыз етудің бірден бір жолы – ұлттық тәрбие, бұл сөздің мәніне терең үнілсек, білдей бір ұлтты тәрбиелеп шығарудың жауапкершілігін, міндетін және мақсатын көреміз. Білім алушылардың барлығы бірдей пән мазмұнын жоғары деңгейде меңгермеуі мүмкін, бірақ жақсы азамат болып шығуына толық мүмкіндігі бар.

Білім беру процесінде құндылықтар балаға тек қана теориялық түрде түсіндірілмейді, олар күнделікті оқу іс-әрекеттері арқылы тәжірибеде бекітіледі. Бұл білім алушылардың моральдық бағдарларын қалыптастыруға көмектеседі, осылайша олар жауапкершілік, құрмет, әділдік және ынтымақтастық сияқты маңызды құндылықтарды бойларына сіңіреді.

**Мақсаты:** Құндылыққа негізделген тәсілдерді информатика пәніне кіріктіріп, Білім беру бағдарламаларының мазмұнындағы құндылықтардың үйлесімді кіріктірілуін, оқытудың белсенді әдістерін қолдану арқылы пәнаралық және пәнішілік байланысты қамтамасыз ету. Білім алушылардың мектепте алған білімдері өмірлік құндылықтармен ұштастыру.

### **Міндеті:**

- педагогтерді құндылықтарды қалыптастыру және оларды оқу процесіне кіріктіру әдістемелерін толықтыру;
- құндылықтарға сәйкес мәтіндерді, тапсырмалар мен жаттығуларды қолдану.

### **Өзектілігі:**

Ақпараттық қоғамда жұмыс істеу үшін қажетті дағдыларды қалыптастыру

- **Техникалық дағдылар мен әлеуметтік құндылықтарды үйлестіру:** Оқушыларға тек код жазу, бағдарламалар жасау ғана емес, сонымен қатар этикалық нормалар, ақпараттық қауіпсіздік, жауапкершілік және шығармашылықты дамытуға көңіл бөлінеді.
- **Ақпараттық қоғамда жеке тұлғаны қалыптастыру:** Информатика сабақтары ақпараттық технологияларды тиімді қолдану арқылы оқушылардың цифрлық сауаттылығын арттырады, бұл оларды қоғамда тиімді әрі жауапты азаматтар етуге көмектеседі.
- **Сыни ойлау мен өзара құрметті дамыту:** Бұл пән оқушыларды мәселелерді жүйелі түрде шешуге, өзара пікір алмасуға және әртүрлі көзқарастарды құрметтеуге тәрбиелейді.
- **Ғылыми көзқарас пен инновацияға қызығушылық:** Информатика пәнінде оқушылар жаңа технологиялар мен инновациялық шешімдерге қызығушылық танытады, бұл олардың болашақ мамандық таңдауына және шығармашылық ойлауына әсер етеді.

**Күтілетін нәтиже:**

- **Цифрлық сауаттылықтың артуы:** Оқушылар ақпараттық технологияларды тиімді әрі қауіпсіз қолдануды үйренеді. Олар тек бағдарламалау тілдерін ғана емес, сонымен қатар ақпараттық қауіпсіздік, деректерді қорғау және этикалық нормалар туралы білім алады.
- **Жеке тұлғаның дамуы:** Әдістемелік құрал оқушылардың жауапкершілік, өзара құрмет, тәртіптілік, адалдық, әділдік және шығармашылық сияқты құндылықтарды қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл оларды болашақта қоғамдық ортада дұрыс әрі саналы шешімдер қабылдауға дайындайды.
- **Құндылықтар мен технологиялардың интеграциясы:** Құндылықтарды қалыптастыру әдістемелік құралы оқушыларды қоғамдағы ақпараттық-цифрлық өзгерістерге бейімдеуге көмектеседі. Олар технологиялық прогреске сай этикалық жауапкершілікті сезініп, сол бойынша әрекет етеді.
- **Топта жұмыс істеу дағдыларын дамыту:** Информатика сабақтарында топтық жұмыстар мен жобалар орындау арқылы оқушылар бір-бірімен жұмыс істеу, өзара пікір алмасу, конструктивті сын айту және қабылдауды үйренеді.
- **Сыни ойлау мен мәселелерді шешу қабілеттері:** Оқушылар логикалық ойлау қабілеттерін дамытады. Олар әртүрлі мәселелерді шешуде шығармашылықпен және ғылыми тұрғыдан қарауды үйренеді.
- **Проблемаларды шешуге және инновацияларға қызығушылық:** Информатика сабағы оқушыларды жаңа технологияларға, инновациялық шешімдер мен идеяларға қызықтырады. Олар өз жобаларын жүзеге асыруда жаңа тәсілдерді қолдануға ынталанады.
- **Ақпараттық қоғамда моральдық жауапкершіліктің қалыптасуы:** Оқушылар интернет мәдениеті, әлеуметтік желілерде дұрыс қатынас жасау, фейк ақпаратқа қарсы тұру сияқты маңызды құндылықтарды игереді.

## МАЗМҰНЫ

<b>1-БӨЛІМ. КОМПЬЮТЕРЛІК ЖАДЫ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ӨЛШЕМ БІРЛІК</b>	3
Ақпараттың өлшем бірліктері	3
Ақпараттың өлшем бірліктері. Практикалық тапсырмалар	4
Компьютер жады. Файлдың форматтары	5
Файлдар мөлшері.	6
<b>2-БӨЛІМ . ЖЕЛІ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК</b>	8
Компьютерлік желілер және олардың жіктелуі.	8
Антивустық қауіпсіздік	9
Пайдаланушы интерфейсі	10
Желі және қауіпсіздік бөлімі бойынша қайталау	12
<b>3-БӨЛІМ.. ЭЛЕКТРОНДЫ КЕСТЕ АРҚЫЛЫ ЕСЕП ШЫҒАРУ</b>	12
Мәтіндік процессордағы кесте	12
Электрондық кестелер элементтерін пішімдеу	13
Электрондық кестелер элементтерін пішімдеу	15
Деректер типтері	16
Шартты пішімдеу	17
Кестелік деректерді графикалық ұсыну	18
Электрондық кестелердегі процестерді модельдеу.	20
Электронды кесте арқылы есеп шығару бөлімін қайталау	21
<b>4-БӨЛІМ. PYTHON ТІЛІНДЕ АЛГОРИТМДЕРДІ ПРОГРАММАЛАУ</b>	22
Файлдармен жұмыс	22
Файлдық функциялармен жұмыс	23
Тармақталған алгоритмдерді программалау	24
Тармақталған алгоритмдерді программалау	25
Практикалық тапсырмалар	26
Кірістілген шарттарды программалау	28
Күрделі шарттарды программалау	29
Таңдауды ұйымдастыру	30
Практикалық тапсырмалар.	32
Python тілінде алгоритмдерді программалау бөлімі бойынша қайталау	34
<b>5-БӨЛІМ. ПРАКТИКАЛЫҚ ПРОГРАММАЛАУ</b>	35
Проблеманы қою	35
Алгоритмді әзірлеу	36
Алгоритмді программалау	37
Алгоритмді программалау	38
Есепті программалау. Практикалық жұмыс	39
Программаны тестілеу	41
Практикалық жұмыс	42
Практикалық программалау бөлімі бойынша қайталау	43

## БӨЛІМ АТАУЫ: 1-бөлім. Компьютерлік жады және ақпараттық өлшем бірлік Ақпараттың өлшем бірліктері

**Оқу мақсаты**

7.2.1.1 ақпаратты өлшеу бірліктері, ақпаратты бір өлшем бірлігінен басқаға аударуды жүзеге асыру.

### ТАПСЫРМАЛАР

**№1**

Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған тарихи деректер базасының жалпы көлемі *1,5 Гбайт* деп есептейік. Осы деректер базасының көлемін мегабайтпен (МБ) және килобайтпен (КБ) өрнектеңіз.

Егер бұл мәліметтер *жалпы сыйымдылығы 4 Гбайт* болатын флешкаға сақталса, флешкада қанша бос орын қалатынын есептеңіз.

Есептеулерде келесі қатынастарды пайдаланыңыз:\*\*

- 1 Гбайт = 1024 Мбайт
- 1 Мбайт = 1024 Кбайт

Нәтижені нақты есептеулермен бірге көрсетіңіз

### Ойлау дағдыларының деңгейі

<b>Білу</b>	тапсырмада деректер базасының көлемін, флешканың сыйымдылығын білу қажет. Сондай-ақ, Гбайт, Мбайт және Кбайт араындағы қатынастарды есте сақтау қажет.
<b>Түсіну</b>	қатынастарды түсіну арқылы, яғни 1 Гбайт = 1024 Мбайт және 1 Мбайт = 1024 Кбайт екендігін түсіну арқылы есептеулерді дұрыс орындау.
<b>Қолдану</b>	деректерді түрлендіріп, есептеулерді орындау үшін, әртүрлі өлшем бірліктерін қолдану
<b>Талдау</b>	тапсырмада көлем мен флешкадағы бос орынды салыстыруға, есептеу нәтижелерін талдауға тура келеді

**№2**



Ақтөбе облысы – Қазақстанның батыс бөлігінде орналасқан әкімшілік-аумақтық бірлік. Облыс құрамында 12 аудан бар: Алға, Әйтеке би, Байғанин, Қарғалы, Қобда, Мәртөк, Мұғалжар, Ойыл, Темір, Хромтау, Шалқар, Ырғыз. Әр ауданның өзіндік ерекшеліктері, табиғи ресурстары мен экономикалық маңызы бар.

Тапсырмалар:

- Ақтөбе облысының аудандары туралы қысқаша мәтін құрыңыз.
- Мәтіннің жалпы көлемін есептеңіз (бір символ = 1 байт деп алынады).
- Егер мәтін 1,5 Кбайттан (1536 байт) аз болса, оны толық 1 бетке жеткізіңіз.

**Ойлау дағдыларының деңгейі**

<b>Білу</b>	<i>Ақтөбе облысының аудандары туралы мәліметті білу қажет.</i>
<b>Түсіну</b>	<i>Ақтөбе облысының аудандарының сипаттамасын түсіну, олардың ерекшеліктерін, салаларын анықтау.</i>
<b>Қолдану</b>	<i>Мәтіннің көлемін есептеу және оны қажетті өлшемге дейін жеткізу үшін нақты математикалық амалдарды қолдану.</i>
<b>Талдау</b>	<i>Мәтіннің құрылымын талдау, әрбір элементтің сандық мағынасына назар аудару.</i>
<b>Жинақтау</b>	<i>Мәтінді кеңейтіп, толық 1 бетке жеткізу үшін қосымша ақпараттарды жинақтау.</i>

I тоқсан 2- апта

**Ақпараттың өлшем бірліктері. Практикалық тапсырмалар****Оқу мақсаты**

7.2.1.1 ақпаратты өлшеу бірліктері, ақпаратты бір өлшем бірлігінен басқаға аударуды жүзеге асыру.

**ТАПСЫРМАЛАР****№1**

Тарихта ақпараттың сақтау тәсілдері көп өзгерді. Мысалы, көне дәуірде мәліметтер тасқа қашалып жазылды, кейінірек қағазға жазу пайда болды. Осы ақпараттық технологиялардың дамуымен бірге деректердің көлемі де артты.

*Тапсырма:*

Бір суреттің көлемі 3 мегабайт деп алайық. Егер сіздің компьютеріңізде 50 сурет сақталған болса, барлық суреттердің жалпы көлемін байтпен есепте.

**Ойлау дағдыларының деңгейі**

<b>Білу</b>	<i>тапсырмада суреттің көлемі мен суреттердің саны туралы ақпаратты білу қажет. Сондай-ақ, байт, мегабайт және килобайт арасындағы қатынастарды білу керек.</i>
<b>Түсіну</b>	<i>мегабайтты байтқа түрлендіру тәсілін түсіну, бұл түрлендірудің қалай жұмыс істейтінін түсіну маңызды.</i>
<b>Қолдану</b>	<i>суреттердің көлемін есептеу үшін түрлендіру қатынастарын қолдану қажет.</i>
<b>Талдау</b>	<i>берілген деректердің негізінде дұрыс түрлендіру және есептеу амалдарын орындау арқылы нәтижеге жету.</i>

**№2**

Қазақтың жеті атасы мен ақпараттың өлшем бірліктерін дұрыс сәйкестендіріңіз. Тапсырманы орындау үшін әрбір ұрпақты ақпараттың өлшем бірлігіне байланысты орнату қажет.

**Нұсқаулық:**

1. Қазақтың жеті атасын белгілі бір ұрпақтардың ақпараттың өлшем бірліктеріне сәйкес сәйкестендіруіңіз керек.
2. Әрбір ұрпақты ақпараттың белгілі өлшем бірлігіне (бит, байт, килобайт, мегабайт, гигабайт, терабайт, петабайт) байланысты орнату қажет.
3. Қазақтың жеті атасы әр түрлі ұрпақтарды білдіретін болғандықтан, әрбір ұрпақтың ақпараттың өлшем бірлігімен өзара байланысын түсініп, оларды дұрыс сәйкестендіруіңіз қажет.



Петабайт		Бала
Терабайт		Әке
Гигабайт		Ата
Мегабайт		Арғы ата
Килобайт		Баба
Байт		Түп ата
Бит		Тек ата

### Ойлау дағдыларының деңгейі

<b>Білу</b>	ақпараттың өлшем бірліктерін білу және жеті атаны түсіну қажет.
<b>Түсіну</b>	әрбір ұрпақ пен ақпараттық өлшем бірлігінің арасындағы ұқсастықты түсіну
<b>Қолдану</b>	әрбір ұрпаққа сәйкес өлшем бірлігін дұрыс сәйкестендіру
<b>Талдау</b>	әрбір ұрпақтың даму дәрежесі мен ақпараттың көлемінің өсуін салыстыру.
<b>Жинақтау</b>	жеті атаны ақпараттың өлшем бірліктерімен сәйкестендіру арқылы үлкен тұжырым жасау.

I тоқсан 3<sup>1</sup> - апта

### Компьютер жады. Файлдың форматтары

#### Оқу мақсаты

7.1.1.1 компьютердің жад түрлерінің мақсаттарын сипаттау (жедел есте сақтау құрылғысы, тұрақты есте сақтау құрылғысы, сыртқы жады, кеш-жады).

7.1.2.2 түрлі форматтағы мұрағаттарды жасау және ашу.

### ТАПСЫРМАЛАР


#### №1

Қазақтың ұлттық ойындары туралы материалдар дайындап, оларды қауіпсіз сақтау қажет. Төмендегі қадамдарды орында:

#### 1. Берілген тақырыптар бойынша материалдарды жинақтау

Файл 1: "Асық ойыны»

Файл 2: "Көкпар»



#### 2. Файлдарды дұрыс ұйымдастыру

Жоғарыда аталған екі файлды бір папкаға орналастыр. Папканың атауын "Қауіпсіздік\_материалдары" деп қой.

#### 3. Мұрағатқа біріктіру

Папканы ZIP немесе RAR форматына қысу арқылы мұрағат жаса.

#### 4. Құпия сөзбен қорғау

Мұрағатқа құпия сөз орнат (құпия сөз күрделі болуы

керек: әріптер, сандар және арнайы таңбалар қолданылсын).

### Ойлау дағдыларының деңгейі

<b>Білу</b>	<i>ақпараттық қауіпсіздік және кибербулинг тақырыптары туралы ақпарат жинақтау.</i>
<b>Түсіну</b>	<i>осы тақырыптардың маңыздылығын түсіну және қажетті мәліметтерді дұрыс жіктеу</i>
<b>Қолдану</b>	<i>материалдарды ұйымдастыру, файлдарды сақтау және қорғау бойынша нақты амалдар жасау</i>
<b>Талдау</b>	<i>материалдарды дұрыс ретпен орналастырып, олардың мазмұнын терең талдау</i>
<b>Жинақтау</b>	<i>мәліметтерді біріктіріп, файлдарды мұрағатта сақтау және оларды қауіпсіздік шараларымен қорғау</i>

I тоқсан 4 - апта

### Файлдар мөлшері.

**Оқу мақсаты**

7.1.2.1 бірдей ақпаратты сақтайтын түрлі форматтағы файлдардың өлшемдерін салыстыру.

### ТАПСЫРМАЛАР

#### №1

- Қазақ халқының тәуелсіздігі туралы қысқаша мақала** жазып, оны үш түрлі форматта сақтаңыз: .txt, .rtf, және .docx.
  - Мақалада қазақ халқының тәуелсіздігіне қатысты негізгі тарихи оқиғалар мен маңыздылығын қысқаша түрде түсіндіріңіз.
  - Әр форматқа сақталған файлды өз компьютеріңізде сақтап, олардың өлшемін салыстырыңыз.
- Әрбір форматтың өлшемін салыстырып, қай форматта ақпараттың көлемі әлсізекенін анықтаңыз.
  - Файлдардың өлшемін қарап шығып, әрқайсысының ерекшеліктері мен өлшемдеріндегі айырмашылықтарды талдаңыз.
  -

#### Сұрақтар:

- Қай форматта мәліметтер ең кіші көлемде сақталады және неге?
  - Талдау жасаңыз, әрбір форматтың өзіндік ерекшеліктерін түсініп, оларды салыстырыңыз.
- Ақпаратты сақтау үшін қай формат тиімді болып табылады?
  - Тиімді форматты анықтап, оның артықшылықтарын талқылаңыз (мысалы, сақтау орны, портативтілік, баспаға жарамдылығы, қосымша мүмкіндіктері және т.б.).
- Мәтіндік форматтарда ақпаратты сақтау кезінде қандай факторларды ескеру қажет?
  - Мәтінді сақтау кезінде форматтың қолайлылығы мен қысқарту деңгейі, құрылымдық ерекшеліктері, стильдер мен суреттердің болуы сияқты факторларды қарастырыңыз.

### Ойлау дағдыларының деңгейі

<b>Білу</b>	<i>Әр форматтың негізгі ерекшеліктерін білу</i>
-------------	---

<b>Түсіну</b>	<i>Форматтардың ақпаратты қалай сақтайтынын және олардың айырмашылықтарын түсіну.</i>
<b>Қолдану</b>	<i>Файлдарды әртүрлі форматта сақтап, өлшемдерін салыстыру.</i>
<b>Талдау</b>	<i>Әр форматтың ақпарат көлеміне әсерін салыстыру.</i>
<b>Жинақтау</b>	<i>Қай форматтың тиімді екенін, әрқайсысының қолдану саласын сараптап шығу.</i>
<b>Қолдану</b>	<i>Файлдардың өлшемін тексеріп, оларды салыстыру және ұсыныстар жасау.</i>

## №2



1. Қазақстанның тәуелсіздігі туралы суретті JPEG, PNG, BMP форматтарында сақтаңыз.
2. Әрбір суреттің өлшемін салыстырып, сапасы мен файл өлшемі арасындағы байланысты зерттеңіз.
3. Суреттің сапасына әсер ететін факторларды талдаңыз (мысалы, түстердің жиілігі мен сапасы).

**Сұрақтар:**

- Суреттің сапасын төмендетпей, қай форматта ең аз өлшемге кол жеткізуге болады?
- Тарихи суреттерді сақтау кезінде қандай формат тиімді болады?

Тәуелсіздік символдарының суреттерін сақтаған кезде файл өлшемін қалай оңтайландыруға болады?

**Ойлау дағдыларының деңгейі**

<b>Білу</b>	<i>Әрбір сурет форматтарының ерекшеліктерін білу (.JPEG, .PNG, .BMP форматтары).</i>
<b>Түсіну</b>	<i>Әр форматтың сурет сапасына және өлшеміне қалай әсер ететінін түсіну.</i>
<b>Қолдану</b>	<i>Суретті әр форматта сақтау, әр форматтың өлшемін салыстыру.</i>
<b>Талдау</b>	<i>Әр форматтың ерекшеліктерін талдау, қандай формат суреттің сапасын төмендетпей ең аз өлшемге қол жеткізуге мүмкіндік беретінін анықтау.</i>
<b>Жинақтау</b>	<i>Тәуелсіздік символдарының суреттерін сақтау кезінде файл өлшемін оңтайландыру әдістерін бағалау.</i>
<b>Қолдану</b>	<i>Суретті үш форматта сақтап, олардың сапасы мен өлшемін салыстыру.</i>

I тоқсан 5 - апта

**БӨЛІМ АТАУЫ: 2-бөлім – Желі және қауіпсіздік  
Компьютерлік желілер және олардың жіктелуі.**

Оқу мақсаты

7.1.3.1 компьютерлік желілерді жіктеу.

**ТАПСЫРМАЛАР**



№1

Мектептің компьютерлік сыныбында 20 компьютерді бір-бірімен байланыстырып, мұғалім мен оқушылар арасында файлдарды бөлісу және принтерге ортақ қолжетімділікті ұйымдастыру қажет. Желінің сенімділігі, тиімділігі және қауіпсіздігі қамтамасыз етілуі тиіс.

1. Компьютерлерді жергілікті желіге қосу үшін қажетті құрылғыларды анықта
2. Желі құрылымын таңда және өз таңдауыңызды негізде
3. Сыныптас достарыңызбен желі топологиясы негізінде байланысып, ақпарат алмасыңыз

**Ойлау дағдыларының деңгейі**

<b>Білу</b>	<i>Оқушы жергілікті желіге қажетті құрылғыларды анықтап, белгілі бір ақпаратты еске түсіреді.</i>
<b>Қолдану</b>	<i>Оқушы желі құрылымын таңдап, оны нақты жағдайда қолдануға қабілетті.</i>
<b>Талдау</b>	<i>Оқушы желінің артықшылықтары мен кемшіліктерін талдап, оларды салыстырады</i>
<b>Жинақтау</b>	<i>Оқушы таңдалған желі құрылымының тиімділігі мен кемшіліктерін негіздей отырып бағалайды.</i>

№2

Желілер топологиясы төрт негізгі түрге бөлінеді: **шина, сақина, жұлдыз** және **иерархиялық**. Бұл топологиялардың әрқайсысының жұмыс жасау принциптері нақты жүйелерде түрлі мақсаттар үшін қолданылады. Төменде осы топология түрлеріне сәйкес келетін мысалдар берілген. Сізге әрбір топологияның жұмыс жасау принципін ұқсас мысалды дұрыс сәйкестендіріп орналастыру қажет.

	Барлық сынып бір ортақ кабельмен жалғанған. Егер кабельдің бір бөлігі бұзылса, барлық жүйе жұмысын тоқтатады.
	Бұл – ұрпақтардың таралу жүйесіне ұқсайды. Барлық балалар бір атадан тараған, ал ата әулетті басқаратын ақылшысы.
	Бұл – топ ішінде эстафета өткізуге ұқсайды. Әр оқушы эстафетаны келесі оқушыға беруі керек. Егер біреуі эстафетаны тоқтатса, процесс тоқтайды
	Бұл – әкімшілік бөліністер құрылымына ұқсайды. Қазақстан -> Ақтөбе облысы -> аудандар -> қалалар мен ауылдар. Ақпарат жоғарыдан төменге немесе керісінше өтеді.

**Ойлау дағдыларының деңгейі**

<b>Білу</b>	<i>желілер топологиялары туралы негізгі ақпаратты білу қажет, яғни әрбір топологияның жұмыс жасау принципін түсіну</i>
<b>Түсіну</b>	<i>әр топология түрінің ерекшеліктері мен олардың жұмыс принциптерін түсіну</i>
<b>Қолдану</b>	<i>әр топология түріне сәйкес келетін мысалдарды дұрыс сәйкестендіру</i>
<b>Талдау</b>	<i>топологиялардың жұмыс принциптерін салыстыру және олардың сәйкес мысалдармен байланысын талдау</i>
<b>Жинақтау</b>	<i>түрлі мысалдарды біріктіріп, дұрыс орналастыру арқылы тапсырманы орындау</i>

## Антивустық қауіпсіздік

Оқу мақсаты

7.1.3.1 компьютерлік желілерді жіктеу.

### ТАПСЫРМАЛАР

№1

Киберқауіпсіздік – мемлекеттің цифрлық қауіпсіздігінің негізі. Жеке деректер мен ақпараттық қауіпсіздікті сақтау әрбір азаматтың ұлттық мүддені қорғауға қосқан үлесі болып табылады. Интернетте жауапкершілікпен әрекет ету арқылы біз тек жеке деректерімізді ғана емес, бүкіл қоғамымыздың қауіпсіздігін қамтамасыз етеміз.

**Тапсырма:**

*Нұрханға электрондық поштамен "сыйлық ұтып алғаны" туралы белгісіз адамнан хат келді. Хатта сілтемені басып, жеке ақпаратты енгізу сұралған. Беймәлім хаттағы сілтемеге өтіп, жеке ақпаратты беру Нұрханға қандай қауіп туғызуы мүмкін? Нұрханға арналған электронды поштамен жұмыс жасаудың ережесін құрастыр.*

### Ойлау дағдыларының деңгейі

<b>Білу</b>	фишингтік шабуылдардың ерекшеліктері мен қауіптерін білу қажет, сонымен қатар электрондық поштамен жұмыс істеу ережелерін білу
<b>Түсіну</b>	фишингтік хатты анықтау принциптерін түсіну және электрондық поштамен жұмыс істегенде қауіпсіздік шараларын түсіну
<b>Қолдану</b>	алынған ақпаратты іс жүзінде қолдану: хаттың фишингтік шабуыл екенін анықтау, электрондық поштамен жұмыс істеу кезінде ережелерді сақтау, деректер ұрланған жағдайда әрекет ету.
<b>Талдау</b>	фишингтік шабуыл мен оның салдарын талдау, сондай-ақ деректердің қауіпсіздігіне әсерін бағалау
<b>Жинақтау</b>	ақпаратты жинақтап, оны жеке деректерді қорғау және фишингке қарсы шаралар қабылдау үшін қолдану

№2

Мектеп компьютерлеріне белгісіз бағдарламалар орнатылғаннан кейін желідегі бірнеше компьютердің жұмысы баяулап, құжаттардың бір бөлігі ашылмай қалды. Сонымен қатар, бір оқушының аккаунтынан беймәлім хаттар таралғаны байқалды. Бұл жағдай мектеп желісіне қауіп төндіріп, маңызды файлдардың жоғалуына немесе құпия ақпараттардың сыртқа таралуына әкелуі мүмкін.

*Оқушылар бұл мәселені шешудің кешенді жолдарын ұсынуы керек.*

**Тапсырманы орындау стилі:**



**Көкпар** – бұл ойында қатысушылар командаларға бөлініп, маңызды ақпаратты қорғау үшін бір-бірімен жарысқа түседі. Оқушылар әр компьютердің қауіпсіздігін қорғау үшін түрлі әдістерді қолданады, ал әр шешім маңызды ақпараттың "көкпары" болып саналады. Мысалы, бір команда вирусқа қарсы бағдарламаларды орнатуды ұсынса, екінші команда парольдермен қорғануды және басқа да алдын алу шараларын ұсынады.

### Ойлау дағдыларының деңгейі

<b>Білу</b>	мектеп желісіне қауіп төндіретін факторлар мен мүмкін болатын қауіптер туралы жалпы ақпаратты білу, сондай-ақ компьютер қауіпсіздігі мен вирусқа қарсы бағдарламалардың принциптерін білу қажет.
-------------	--

<b>Түсіну</b>	<i>оқушылардың қауіптер мен оларды шешу жолдарын түсінуі, мәселенің түпкі себептерін түсініп, қорғау шараларын дұрыс таңдауы</i>
<b>Қолдану</b>	<i>оқушылар компьютерлердің қауіпсіздігін сақтау үшін түрлі әдістерді қолдану, мысалы, вирусқа қарсы бағдарламаларды орнату, парольдерді күшейту, құпия деректерді қорғау шараларын енгізу</i>
<b>Талдау</b>	<i>оқушылардың мәселені талдап, оған тиімді шешімдерді ұсынуы, әрбір шешімнің артықшылықтары мен кемшіліктерін салыстыруы</i>
<b>Жинақтау</b>	<i>оқушылардың барлық ұсынылған шешімдерді жинақтап, оларды кешенді қорғау шаралары ретінде біріктіруі, мәселені шешу үшін стратегиялық жоспар құруы</i>
<b>Бағалау</b>	<i>әр команда өз шешімдерінің тиімділігін бағалайды, түрлі әдістерді салыстырып, қайсысы ең тиімді екенін анықтайды</i>

I тоқсан 7 - апта

### Пайдаланушы интерфейсі

Оқу мақсаты 7.4.1.1 пайдаланушы интерфейстердің эргономикалылығын бағалау.

#### ТАПСЫРМАЛАР №1



Соңғы кездері оқушылар мен жастардың көп бөлігі ұзақ уақыт компьютерлер мен мобильді құрылғыларды қолдануға мәжбүр. Бұл жағдай денсаулыққа әсер ететін эргономикалық мәселелерді туғызуы мүмкін. Мысалы, көздің шаршауы, омыртқа аурулары немесе қол мен саусақтардың шаршауы. Оқушыларға осы мәселелердің алдын алу және оларды болдырмау жолдарын түсіндіріп, интерфейстерді денсаулыққа қауіпсіз ету үшін ұсыныстар жасаңыз және оны **инфографика** түрінде ұсыныңыз.

#### Ойлау дағдыларының деңгейі

<b>Білу</b>	<i>компьютер мен мобильді құрылғылардың ұзақ уақыт қолданылуының денсаулыққа әсері туралы ақпаратты білу қажет (көздің шаршауы, омыртқа аурулары, қол мен саусақтардың шаршауы).</i>
<b>Түсіну</b>	<i>эргономикалық мәселелер мен олардың денсаулыққа әсерін түсіну, сондай-ақ, интерфейстерді денсаулыққа қауіпсіз ету тәсілдерін түсіну.</i>
<b>Қолдану</b>	<i>денсаулыққа қауіпсіз интерфейстерді жасау үшін нақты ұсыныстар мен шараларды қолдану, мысалы, монитордың дұрыс орналасуы, үзіліс жасауды ұсыну және т.б.</i>
<b>Талдау</b>	<i>денсаулыққа зиянды әсерлер мен олардың алдын алу жолдарын талдау, инфографика арқылы оны тиімді көрсету.</i>
<b>Жинақтау</b>	<i>барлық ұсыныстарды біріктіріп, денсаулыққа қауіпсіз орта қалыптастыру бойынша толық инфографика құрастыру.</i>
<b>Бағалау</b>	<i>ұсынылған шаралардың тиімділігін бағалау, оқушылар мен жастар үшін ең маңызды ескертулер мен әрекеттерді анықтау.</i>

## №2

Қазіргі кезде көптеген компьютерлік бағдарламаларда қолданушының қажеттілігін қанағаттандыру үшін әртүрлі интерфейстер қолданылады. Мысалы, оқушыларға компьютерде файлдарды іздеу және ашу тапсырмасы беріледі. Бір жағынан, жолды интерфейс (CLI) арқылы файлды іздеп, ашуға болады, екінші жағынан графикалық интерфейс (GUI) арқылы сол файлды табу мен ашу да мүмкін. Бұл тапсырма арқылы оқушылар әртүрлі интерфейстердің қолайлылығын талдап, қайсысының тиімді екенін өмірдегі нақты жағдаймен байланыстыра отырып салыстырады.

- Жолды интерфейс пен графикалық интерфейс арқылы бірдей тапсырманы орындағаннан кейін, екі интерфейснің қолданушыға қандай әсер беретінін талда
- Қай интерфейснің ыңғайлырақ екенін, қайсысы жылдамырақ екенін анықтап, себептерін көрсет

Өмірде нақты қандай жағдайларда CLI немесе GUI пайдалану тиімді екенін анықтаңыз (мысалы, графикалық дизайнерлер үшін GUI тиімдірек болуы мүмкін, ал жүйелік администраторлар үшін CLI тиімді болады).

### Ойлау дағдыларының деңгейі

<b>Білу</b>	<i>жолды интерфейс (CLI) мен графикалық интерфейс (GUI) туралы негізгі ақпаратты білу қажет, олардың жұмыс принциптері мен ерекшеліктерін түсіну</i>
<b>Түсіну</b>	<i>екі интерфейснің қолданушыға әсерін түсіну, әрқайсысының артықшылықтары мен кемшіліктерін бағалау. Оқушылар интерфейсдердің жұмысын және қолданушының оған қалай әсер ететінін түсінуі керек</i>
<b>Қолдану</b>	<i>тапсырманы орындау барысында CLI және GUI интерфейсдерін пайдалану, оларды қолдану арқылы нақты тапсырманы шешу.</i>
<b>Талдау</b>	<i>екі интерфейснің қолданушыға әсерін, тиімділігін және ыңғайлылығын салыстырып, талдау жүргізу. Қай интерфейснің жылдамырақ және ыңғайлырақ екенін анықтау.</i>
<b>Жинақтау</b>	<i>CLI және GUI интерфейсдерін нақты өмір жағдайларымен байланыстырып, әрқайсысының қай жағдайда тиімді екенін жинақтап, тұжырым жасау.</i>
<b>Бағалау</b>	<i>әр интерфейснің тиімділігін және қай жағдайда қолдану қажет екендігін бағалау. Әр түрлі жағдайлар мен мақсаттарға байланысты интерфейсдердің тиімділігін анықтау.</i>

I тоқсан 8 - апта

### Желі және қауіпсіздік бөлімі бойынша қайталау

Оқу мақсаты

7.4.2.1 Компьютерді зиянды бағдарламалардан қорғау

### ТАПСЫРМАЛАР

#### №1

#### **Шығармашылық тапсырма:**

- "Зиянды бағдарламалардың алдын алу" тақырыбында инфографика жасаңыз.
- "Цифрлық жауапкершілік – қоғам қауіпсіздігі" атты шағын эссе жазыңыз.

### Ойлау дағдыларының деңгейі

<b>Білу</b>	<i>тапсырманың алғашқы бөлігінде студенттер зиянды бағдарламалардың алдын алу туралы мәлімет жинақтап, инфографика жасауға бағытталған. Бұл ақпаратты білу деңгейін қамтиды.</i>
-------------	--

<b>Түсіну</b>	<i>инфографика жасау кезінде студенттер түсініп, зиянды бағдарламалардың алдын алу шараларын қалай көрсету керектігін бағалайды, яғни олар ақпаратты өңдеп, оның мәнін түсінуі қажет.</i>
<b>Қолдану</b>	<i>эссе жазу барысында студенттер цифрлық жауапкершіліктің қоғам қауіпсіздігіне әсерін нақты жағдайда қолданады.</i>
<b>Талдау</b>	<i>эссе жазу кезінде студенттер цифрлық жауапкершіліктің қоғамдағы қауіпсіздікке қалай ықпал ететінін талдайды</i>
<b>Жинақтау</b>	<i>эссе барысында студенттер түрлі ақпараттарды біріктіріп, өз көзқарасын қалыптастырады, идеяларды жинақтап тұжырымдайды.</i>
<b>Бағалау</b>	<i>эссені жазғанда студенттер өз пікірін бағалауды қажет етеді, себебі цифрлық жауапкершілік пен қоғам қауіпсіздігіне байланысты өз көзқарасын нақты білдіруі қажет.</i>

II тоқсан 1- апта

### БӨЛІМ АТАУЫ: 3-бөлім. Электронды кесте арқылы есеп шығару Мәтіндік процессордағы кесте

Оқу мақсаты

7.2.2.1 мәтіндік процессордағы кестелерді пішімдеу.

#### ТАПСЫРМАЛАР

№1



Microsoft Word мәтіндік редакторын қолданып, қазақтың Бес арысының ақпараттарын пайдаланып, "Аты-жөні", "Туған күні", "Туған жері" өрістерін толтыру қажет.

*Мағжан Жұмабаев* 1893 жылғы 25 маусымда қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының қазіргі Мағжан Жұмабаев ауданы, Сасықкөл жағасында дүниеге келген.

*Шәкәрім Құдайбердіұлы* қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданындағы, Шыңғыстау бөктерінде 1858 жылы, 11 шілде күні дүниеге келген.

*Міржақып Дулатұлы* 1885 жылы 25 қарашада Торғай уезінің Сарықопа болысына қарасты №1 ауылда дүниеге келді.

*Ахмет Байтұрсынұлы* 1872 жылы 5 қыркүйекте қазіргі Қостанай облысы, Жангелді ауданы Сарытүбек ауылында дүниеге келген.

*Жүсіпбек Аймауытов* аумалы-төкпелі заманда 1889 жылы қазіргі Павлодар облысы Баянауыл ауданында дүниеге келген. Әкесі Аймауыт өзіндік шағын күн көрісі бар қарапайым, момын шаруа болған.

#### Ойлау дағдыларының деңгейі

<b>Білу</b>	<i>берілген ақпаратты білуі керек, яғни ақындардың аты-жөнін, туған күнін және туған жерін анықтау.</i>
<b>Қолдану</b>	<i>осы ақпаратты Microsoft Word мәтіндік редакторында нақты өрістерге енгізу үшін қолданады. Яғни, олар берілген деректерді іс жүзінде пайдаланып, дұрыс форматта толтыру керек.</i>

№2



Біркүндік күнтізбесі уақытты тиімді пайдалану, жауапкершілік пен тәртіпті қалыптастыру, өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын дамытуға көмектеседі. Бұл күнтізбе оқушының оқу мен демалыс арасындағы тепе-теңдікті сақтауына мүмкіндік береді.

Өз уақыттарын тиімді басқару мақсатында оқушыларға бір күндік режимдерін мәтіндік редакторда кесте түрінде құру.

Дайын кестені сақтап, электронды поштамен мұғалімге жібер.

### Ойлау дағдыларының деңгейі

<b>Білу</b>	<i>оқушылар күнтізбеде қандай ақпараттар болуы керектігін біледі (уақыт, оқудың түрлері, демалыс кезеңдері және т.б.).</i>
<b>Түсіну</b>	<i>оқушылар уақытты тиімді басқарудың мәнін түсініп, күн тәртібін дұрыс құруға бағытталған.</i>
<b>Қолдану</b>	<i>оқушылар мәтіндік редакторда кесте құру дағдыларын пайдаланып, нақты бір күннің режимін көрсететін кесте жасайды.</i>
<b>Жинақтау</b>	<i>олар жеке режимдерін бірлесіп ұйымдастырып, жүйелі кестеге жинақтайды.</i>
<b>Бағалау</b>	<i>оқушылар өз уақыттарын тиімді басқарудың маңыздылығын бағалайды, сондай-ақ дайын кестесін мұғалімге жіберу арқылы өз жұмысының нәтижесін бағалайды.</i>

II тоқсан 2- апта

### Электрондық кестелер элементтерін пішімдеу

**Оқу мақсаты**

7.2.2.1 мәтіндік процессордағы кестелерді пішімдеу.

### ТАПСЫРМАЛАР

#### №1

Төменде берілген Ақтөбе футбол клубының соңғы 5 матч нәтижелерін келесі түрде пішімдеңіз:

- Ақтөбе клубының соңғы 5 матчындағы ұпайларын қосып, **Е7** ұяшығына қанша ұпай жинағанын анықта.
- Ақтөбе клубы жеңген матчтарды жасыл түспен ерекшеленсін.
- Жеңілген матчтарды қызыл түспен белгілеп, нәтижелерін салыстыр.

	A	B	C	D	E	F
1	№	Қарсылас команда	Ақтөбе нәтижесі	Қарсылас нәтижесі	Ақтөбе ұпайы	
2	1	Тобол	2:1	1:2	0	
3	2	Қайрат	1:1	1:1	1	
4	3	Шахтер	2:0	0:2	3	
5	4	Астана	0:1	1:0	0	
6	5	Ақтөбе	1:0	0:1	3	
7				Жалпы ұпайы		
8						

### Ойлау дағдыларының деңгейі

<b>Қолдану</b>	<i>оқушылар Ақтөбе клубының соңғы 5 матч нәтижелерін пішімдеп, Excel немесе басқа мәтіндік редакторда кесте түрінде ұйымдастырып, ұпайларды қосады.</i>
<b>Талдау</b>	<i>оқушылар жеңген және жеңілген матчтарды анықтап, оларды түс бойынша ерекшелейді. Бұл ақпаратты салыстырып, екі түрлі нәтижені талдайды.</i>
<b>Бағалау</b>	<i>оқушылар матч нәтижелерін салыстырып, ұпайлар мен матч нәтижелерінің маңыздылығын бағалайды.</i>

### №2

Әлемдегі ғылыми жаңалықтар бұл сайын дамып келеді. Осы жаңалықтарды талдап, кестеге енгізіп, оқушыларға ғылым мен технология саласында болып жатқан ең маңызды жаңалықтар туралы ақпарат беруге көмектесу қажет.

Әлемде орын алған ғылыми жаңалықтарды зерттеп, оларды белгілі бір критерийлер бойынша жинақтау:

1. Жаңалықтың тақырыбы
2. Шыққан күні
3. Ел немесе аймақ (жергілікті немесе халықаралық деңгейде)
4. Оқиганың типі (мысалы: экология, денсаулық, жаңа технологиялар, ғарыш саласы, медицина және т.б.)

Маңыздылығы (1-ден 10-ға дейінгі шкала бойынша)

### Ойлау дағдыларының деңгейі

<b>Талдау</b>	<i>оқушылар ғылыми жаңалықтарды зерттеп, оларды әртүрлі критерийлер бойынша талдайды. Яғни жаңалықтың тақырыбы, шыққан күні, ел немесе аймақ, оқиганың типі, маңыздылығы сияқты аспектілерді анықтап, салыстырады.</i>
<b>Жинақтау</b>	<i>оқушылар ақпараттарды жинақтап, белгілі бір кесте түрінде жүйелеп, жаңа ақпаратты тәртіпке келтіреді.</i>
<b>Бағалау</b>	<i>оқушылар әрбір жаңалықтың маңыздылығын 1-ден 10-ға дейінгі шкала бойынша бағалайды.</i>

II тоқсан 3- апта

### Электрондық кестелер элементтерін пішімдеу

Оқу мақсаты

7.2.2.1 мәтіндік процессордағы кестелерді пішімдеу.

## ТАПСЫРМАЛАР

### №1

Елімізде белгілі бір тауардың бағасы экономикалық жағдайларға байланысты өзгеріп отырады. Мысалы, нанның бағасы. Төмендегі деректерді электрондық кестеге енгізіп, баға өзгерісін зерттеп, С7 ұяшығына нанның бағасының 2020 жылдан 2024 жылға өсен пайызын анықтап, шығарыңыз.

	A	B	C	D
1	№	Жыл	Нанның бағасы (теңге)	
2	1	2020	150	
3	2	2021	170	
4	3	2022	200	
5	4	2023	220	
6	5	2024	250	
7				

### Ойлау дағдыларының деңгейі

<b>Қолдану</b>	<i>оқушылар электрондық кестеде берілген деректерді енгізіп, нақты есептеулерді жүргізу үшін Excel немесе басқа кестелік редакторды қолданады. Нанның бағасын зерттеп, ұяшықтарға мәлімет енгізеді.</i>
<b>Талдау</b>	<i>оқушылар баға өзгерісін зерттеп, 2020 жылдан 2024 жылға дейінгі өсімді талдайды. Бұл кезеңде олар бағаның өзгерісін анықтап, оны салыстырады.</i>
<b>Бағалау</b>	<i>оқушылар бағаның өзгерісіне байланысты экономикалық жағдайларды бағалауы мүмкін, яғни қандай факторлар бағаның өсуіне ықпал еткенін түсінуге тырысады.</i>

### №2

Кестені пайдаланып, тауардың бағасының уақыт бойынша өзгерісін көрсететін диаграмма құр. Бұл тауардың бағасының динамикасын түсінуге мүмкіндік береді.

	A	B	C	D
1	№	Жыл	Нанның бағасы (теңге)	
2	1	2020	150	
3	2	2021	170	
4	3	2022	200	
5	4	2023	220	
6	5	2024	250	
7				

### Ойлау дағдыларының деңгейі

<b>Қолдану</b>	<i>оқушылар Excel немесе басқа электрондық кесте бағдарламасын пайдаланып, тауардың бағасы туралы деректерді енгізіп, диаграмма құрады. Бұл ақпаратты көрсету үшін визуализация құралдарын қолдану дағдыларын пайдаланады.</i>
<b>Талдау</b>	<i>оқушылар диаграмманы талдай отырып, баға өзгерісінің себебін зерттеуге, оның тенденцияларын анықтауға мүмкіндік алады.</i>



## Деректер типтері

**Оқу мақсаты** 7.2.2.5 электрондық кестеде деректердің әртүрлі түрлерін қолдану.

### ТАПСЫРМАЛАР

#### №1

Қазақ хандарының билік еткен жылдарын зерттеп, олардың әрқайсысының билік ету мерзімінің хронологиясын электронды кестеде құр. Ханның аты(мәтіндік тип), Билік еткен жылдар (сандық тип), Билік ету ұзақтығы (жыл)(сандық тип), Билік ету пайыз (%) анықтап, осы деректермен кестені толтыр.

	A	B	C	D	E
1	Ханның аты	Билік еткен жылдар	Билік ету ұзақтығы (жыл)	Билік ету пайыз (%)	Тарихи оқиғалар
2	Керей хан				
3	Жәнібек хан				
4	Ақназар хан				
5	Абылай хан				
6					

#### Ойлау дағдыларының деңгейі

<b>Қолдану</b>	<i>оқушылар электрондық кестені пайдаланып, хандардың аты мен билік еткен жылдары туралы мәліметтерді енгізеді. Әр ханның билік ету ұзақтығын есептеп, пайыздық көрсеткіштерді анықтайды.</i>
<b>Талдау</b>	<i>оқушылар хандардың билік ету мерзімін салыстырып, әрқайсының билік ету ұзақтығын талдайды. Бұл кезеңде олар әр ханның тарихи рөлін түсінуге тырысады.</i>
<b>Жинақтау</b>	<i>оқушылар барлық мәліметтерді біріктіріп, кестеде жүйеленген түрде көрсетеді. Олар әр ханның билік ету мерзімін хронологиялық тәртіппен орналастырады.</i>
<b>Бағалау</b>	<i>оқушылар билік еткен жылдардың жалпы ұзақтығын және әр ханды салыстырып, оның тарихи маңыздылығын бағалауы мүмкін.</i>

#### №2

Қазақстанның тәуелсіздік жолында қабылдаған маңызды стратегиялар мен бағдарламаларды зерттеу және талдау. Әр стратегия мен бағдарламаның атын, қабылданған жылын, негізгі бағыттарын және оларды жүзеге асыру бойынша жүргізілген шаралары кесте түрінде берілген.

- Кестенің ір бағанындағы ақпараттың типтерін анықта.
- Кестені жаңа ақпаратпен толтыр: Ұлттық жаңғыру бағдарламасы 2017 жылы 31 қаңтарда қабылданды. Бұл бағдарлама саяси және әлеуметтік реформаларды жүзеге асыруды мақсат еткен болатын. Оның аясында мемлекеттік қызмет жүйесін реформалау және азаматтық қоғамды нығайту бағытында бірқатар маңызды шаралар атқарылды.

	A	B	C	D	E
1	Стратегия/Бағдарлама	Қабылданған жылы	Қабылданған күні	Негізгі мақсаттары	Іске асырылған шаралар
2	Қазақстан Республикасы 2030	1997	11 қазан 1997	Экономика, саяси тұрақтылық, халықтың әл-ауқаты	Экономиканы әртараптандыру, инвестициялық климатты жақсарту
3	«Қазақстан – 2050» Стратегиясы	2012	14 желтоқсан 2012	Ұлттық экономиканы жаңғырту, жанашылдықты дамыту	Индустриалдық-инновациялық даму, инфрақұрылымды жаңарту
4					

### Ойлау дағдыларының деңгейі

<b>Қолдану</b>	<i>оқушылар электрондық кестеде берілген ақпаратты енгізіп, жаңа деректермен оны толықтырады. Бұл тапсырмада олар нақты деректерді пайдаланып, жаңа ақпаратты кестеге енгізеді.</i>
<b>Талдау</b>	<i>оқушылар әр бағдарлама мен стратегияның маңызды аспектілерін талдайды, оның саяси және әлеуметтік әсерін зерттейді.</i>
<b>Жинақтау</b>	<i>олар барлық деректерді бір кестеде жинақтап, әр бағдарламаның негізгі бағыттарын және шараларын жүйелейді.</i>

II тоқсан 5- апта

Оқу мақсаты

7.2.2.4 Шартты пішімдеу

электрондық кестеде шартты пішімдеуді қолдану.

### ТАПСЫРМАЛАР

#### №1

Әлемдегі ғылыми жаңалықтар күн сайын дамып келеді. Кестеде белгілі бір критерийлер бойынша жинақталған: Жаңалықтың тақырыбы, шыққан күні, ел немесе аймақ, оқиғаның типі, маңыздылығы. Кестеге келесідей пішімдеу әрекеттерін орында:

1. *Выравнивание (туралау, теңестіру)*
2. *Шрифт (қаріп)*
3. *Граница (шегара, жиек)*
4. *Заливка (құйып бояу)*

	A	B	C	D	E	F	G
		Жаңалық	Шыққан күні	Ел/Аймақ	Оқиға	Қатысушы	Маңызы
1							(1-10)
2	1	Жаңа ғарыш	20.01.2024	АҚШ	Ғарыш	NASA, Xi	10
3	2	Қатерлі іс	15.01.2024	Германия	Медицина	Германия	9
4	3	Жасанды	18.01.2024	Қытай	Технология	Қытай ғарыш	8
5	4	Қоршаған	22.01.2024	Еуропа	Экология	Еуропалық	9
6	5	Жаңа жас	25.01.2024	Үндістан	Денсаулық	Үндістан	8
7							

### Ойлау дағдыларының деңгейі

<b>Қолдану</b>	<i>оқушылар кестеде берілген деректерді пішімдеу үшін әртүрлі форматтау құралдарын қолданады. Олар кестені туралау, қаріп таңдау және шегара орнату сияқты әрекеттерді жүзеге асырады.</i>
----------------	--

## №2

Балаларға қатысты заңдар мен тәртіптер туралы ақпарат кесте түрінде ұсынылған. Кестеге келесідей шартты пішімдеу амалдарын орында:

- Қабылданған жылы бойынша пішімдеу:
  - Егер қабылданған жыл соңғы 5 жыл ішінде болса, жасыл түс.
  - Егер қабылданған жыл 5 жылдан артық болса, қызыл түс.
- Мақсаты/Бағыты бағанындағы маңызды сөздерге пішімдеу: Білім беру немесе құқық қорғау сияқты сөздерде көк түс қолдану.

	A	B	C	D
1	Заң/Бағдарлама атауы	Қабылданған жылы	Қабылданған күні	Мақсаты/Бағыты
2	Оқушылардың құқықтары туралы заң	2002	14 желтоқсан 2002	Оқушылардың құқықтарын қорғау, білім алуға тең мүмкіндік беру
3	Білім туралы заң	2007	27 маусым 2007	Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін дамыту
4	Балалар құқықтарын қорғау туралы заң	2002	7 маусым 2002	Балалар құқықтарын қорғау, балалардың әлауқатын жақсарту
5	Оқушылардың тәртібі туралы ережелер	2015	10 қыркүйек 2015	Оқушылардың тәртібін реттеу, білім орнындағы тәртіпті сақтау
6	Мектеп оқушыларының денсаулығын сақтау туралы заң	2016	15 қаңтар 2016	Оқушылардың денсаулығын қорғау және спорттық шараларды дамыту

## Ойлау дағдыларының деңгейі

<b>Қолдану</b>	<i>оқушылар кестедегі деректерге шартты пішімдеу амалдарын қолданады, яғни қабылданған жылдарға және маңызды сөздерге түс беру арқылы кестені визуализациялайды.</i>
----------------	--

II тоқсан 6- апта

### Кестелік деректерді графикалық ұсыну

Оқу мақсаты

7.2.2.3 электрондық кестеде диаграммаларды жасау

## ТАПСЫРМАЛАР

### №1



Тәуелсіз Қазақстанда халық санағы алғаш рет 1999 жылы жүргізілді. Кейіннен 2009 жылы тағы бір санақ жүргізіліп, соңғы халық санағы 2021 жылы өткізілді. Қазақстанның тәуелсіздігіне байланысты жүргізілген халық санағының тарихын кесте түрінде құр және халық санының өсімін графикалық түрде ұсын. Кесте түрі линейная(сызықтық)

## Ойлау дағдыларының деңгейі

<b>Қолдану</b>	<i>оқушылар халық санағының тарихын кестеде көрсету және оны графикалық түрде сызықтық диаграмма түрінде ұсыну үшін электрондық кесте құралдарын қолданады.</i>
<b>Талдау</b>	<i>оқушылар халық санының өсуін талдай отырып, әр жылдағы өзгерістерді қарастырады, себебі әрбір халық санағының нәтижелері қоғамдағы жағдайларды көрсетеді.</i>
<b>Жинақтау</b>	<i>деректерді жинақтап, графикалық түрде көрсете отырып, халық санының өзгерісін бірізділікпен ұсынады.</i>

## №2

Қазақстанда жастар саясатын дамыту үшін бірқатар мемлекеттік бағдарламалар мен бастамалар қабылданған, оның ішінде жастардың білім алуын, шығармашылық және спорттық іс-әрекеттермен айналысуын қолдауға бағытталған көптеген шаралар бар. Осы бағдарламаларға сәйкес, оқушының 1 күндік бос уақытын қалай өткізетінін анықтау маңызды. Оқушының 1 күндік бос уақытын қалай өткізетінін зерттеп, келесі деректерді кестеге енгіз:

	A	B	C
1	<b>Бос уақыт белігі</b>	<b>Уақыт (сағатпен)</b>	<b>Пайыз (%)</b>
2	Оқу	4	40%
3	Демалу	2	20%
4	Спортпен айналысу	1	10%
5	Достармен уақыт өткізу	1	10%
6	Телевизор көру	0,5	5%
7	Интернетпен жұмыс	1	10%
8	Басқа	0,5	5%

1. Кестедегі ақпаратты пайдаланып, әр бос уақыт белігіне сәйкес пайыздық мәндер арқылы дөңгелек диаграмма құрастырыңыз.

2. Оқушылар өздері өткізетін күнді қарастырып, бір күндік бос уақытты қалай жоспарлайтындарын жазып шығыңыздар.

Дөңгелек диаграмманы басқа оқушылармен салыстырып, бос уақытты тиімді жоспарлау мен оны дұрыс пайдалану туралы пікір алмасу ұйымдастырыңыз.

## Ойлау дағдыларының деңгейі

<b>Қолдану</b>	<i>оқушылар кестеде көрсетілген деректерді пайдаланып, дөңгелек диаграмма құрады. Бұл әрекет оқушыларға деректерді визуализациялау құралдарын қолдану дағдысын дамытуға мүмкіндік береді.</i>
<b>Талдау</b>	<i>оқушылар өздерінің күнделікті бос уақыттарын талдайды және әртүрлі іс-шаралар арасындағы уақытты қалай бөлу керектігін бағалайды.</i>
<b>Жинақтау</b>	<i>оқушылар өз бос уақыттарын бір кестеде жинақтап, оны тиімді жоспарлау үшін қажетті ақпараттарды жүйелейді.</i>
<b>Бағалау</b>	<i>оқушылар бос уақытты қалай жоспарлағанын бағалап, басқа оқушылармен салыстырып, тиімді жоспарлау мен пайдалану туралы пікір алмасады.</i>

II тоқсан 7- апта

## Электрондық кестелердегі процестерді модельдеу.

Оқу мақсаты

7.2.2.3 электрондық кестеде диаграммаларды жасау

## ТАПСЫРМАЛАР

### №1

Мектепке арналған тауарлар сататын дүкеннің мәліметтерін пайдаланып, әрбір тауардың бағасы мен санына негізделген жалпы соманы есепте. Сонымен қатар, әрбір тауар үшін салық және жеңілдіктерді ескер. Жеңілдіктің пайызын және салық мөлшерін де көрсету керек.

	A	B	C	D	E	F
1	Тауар	Баға (теңге)	Сан (дана)	Салық мөлшері (%)	Жеңілдік мөлшері (%)	Жалпы сомасы
2	Қалам	50	10	12	5	
3	Кітап	300	5	12	10	
4	Қарындаш	25	20	12	2	
5	Сызғыш	75	8	12	7	
6					Жұмсалған сома	

### Ойлау дағдыларының деңгейі

<b>Қолдану</b>	<i>оқушылар кестедегі тауарлардың бағасы мен санын пайдаланып, жалпы соманы есептеу үшін электрондық кесте құралдарын қолданады. Олар салық пен жеңілдікті есептеуді жүзеге асырады.</i>
<b>Талдау</b>	<i>оқушылар әрбір тауар бойынша жалпы сома, салық және жеңілдіктерді талдайды, олардың тауар бағасына және жалпы шығынға әсерін бағалайды.</i>

### №2

Мектеп кітапханасында Қазақстан тарихы туралы әр бетінде орташа есеппен 2 800 символы бар 70 беттен тұратын 1200 кітап және қазақ әдебиеті туралы әр бетінде орташа есеппен 3 000 символы бар 60 беттен тұратын 900 кітап бар. Мектеп кітапханасында жалпы қанша байт, Кбайт, Мбайт және Гбайт ақпарат бар?

	A	B	C	D	E	F	G	H	I	J
1	Кітап түрі	Кітап саны	Бет саны	Әр беттегі символ саны	Жалпы символ саны (1 кітап)	Жалпы символ саны (барлық кітаптар)	Байт саны	Кбайт	Мбайт	Гбайт
2	Қазақстан тарихы	1200	70	2800	$B2 * C2$	$B2 * C2 * D2$	$E2$	$F2 / 1024$	$G2 / 1024$	$H2 / 1024$
3	Қазақ әдебиеті	900	60	3000	$B3 * C3$	$B3 * C3 * D3$	$E3$	$F3 / 1024$	$G3 / 1024$	$H3 / 1024$
4	Жалпы					$F2 + F3$	$F2 + F3$	$G2 + G3$	$H2 + H3$	$I2 + I3$

Электрондық кестеде формулаларды дұрыс қолдана отырып, нәтижелер автоматты түрде есепте.

### Ойлау дағдыларының деңгейі

<b>Қолдану</b>	<i>оқушылар электрондық кестеде берілген деректерді пайдаланып, ақпарат көлемін есептейді. Олар формулаларды пайдаланып, байт, Кбайт, Мбайт және Гбайт өлшемдеріне автоматты түрде есептеулер жүргізеді.</i>
<b>Түсіну</b>	<i>оқушылар ақпарат көлемін есептеу үшін әр кітаптың беттеріндегі символдардың санын түсініп, әрбір өлшем бірлігінің мағынасын ұғынады.</i>
<b>Талдау</b>	<i>оқушылар берілген деректерді жинақтап, әрбір категория бойынша кітаптар мен беттер санының әсерін бағалайды, нәтижесінде жалпы ақпарат көлемін есептейді.</i>

II тоқсан 8- апта

### Электронды кесте арқылы есеп шығару бөлімін қайталау

Оқу мақсаты

7.2.2.5 электрондық кестеде деректердің әртүрлі түрлерін қолдану.

## ТАПСЫРМАЛАР

### №1

Қазақстан қалалары туралы мәліметтер берілген. Осы мәліметтерді пайдаланып, әр қала бойынша тығыздық көрсеткішін, ең үлкен және ең кіші тығыздықты анықтаңыз, сондай-ақ барлық қалалардың жалпы ауданын және тұрғындар санын есепте:

Қала атауы	Тұрғындар саны	Аудан (км <sup>2</sup> )	Тығыздық (тұрғын/км <sup>2</sup> )	Облыс
Алматы	1 979 000	682	=B2 / C2	Алматы облысы
Нұр-Сұлтан	1 200 000	722	=B3 / C3	Ақмола облысы
Шымкент	1 000 000	1 500	=B4 / C4	Түркістан облысы
Қарағанды	500 000	1 100	=B5 / C5	Қарағанды облысы
Өскемен	350 000	500	=B6 / C6	Шығыс Қазақстан облысы
Ақтөбе	500 000	300	=B7 / C7	Ақтөбе облысы
Қостанай	250 000	500	=B8 / C8	Қостанай облысы
			ен кіші тығыздық	
			ен үлкен тығыздық	
			тұрғындардың барлық саны	

### Ойлау дағдыларының деңгейі

<b>Қолдану</b>	оқушылар берілген қалалар бойынша деректерді пайдаланып, тығыздықты есептейді. Олардың бұл тапсырмада электрондық кесте құрударын қолдануы қажет болады.
<b>Түсіну</b>	оқушылар тығыздықты анықтаудың қалай жүргізілетінін түсінеді.
<b>Талдау</b>	оқушылар әр қала бойынша тығыздықты есептеп, ең жоғары және ең төменгі тығыздықты анықтайды, бұл қалалардың әлеуметтік жағдайын түсінуге мүмкіндік береді.
<b>Жинақтау</b>	қалалардың жалпы ауданын және тұрғындар санын жинақтап, нәтижелерді салыстырады.

### №2

Әлеуметтік желі – бұл интернет арқылы пайдаланушылардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауына, ақпарат алмасуына, жаңалықтар бөлісуіне, ойын-сауық немесе білім алуына мүмкіндік беретін онлайн-платформа. Әлеуметтік желілерді адамдар жеке және кәсіби мақсаттарда қолдана алады. Төмендегі кестеде Қазақстандағы әлеуметтік желілердің қолданылу мақсаттары мен олардың танымалдық деңгейі (пайыздық үлесі) туралы ақпарат берілген.

Осы мәліметтерді пайдаланып, сұрақтарға жауап беріңіз және деректерді талда:

1. Электрондық кестені пайдаланып, әлеуметтік желілердің қолданылу пайызына негізделген диаграмма құр;
2. Қай әлеуметтік желі ең көп қолданылады? Оның қолданылу пайызы қандай?
3. WhatsApp пен Telegram қолдану пайызының арасындағы айырмашылықты табыңыз.
4. Instagram қолданушыларының саны TikTok-қа қарағанда қанша есе көп екенін есептеңіз.

Әлеуметтік желі	Пайдалану пайызы (%)
WhatsApp	42
Instagram	30
TikTok	15
Facebook	8
Telegram	5

### Ойлау дағдыларының деңгейі

<b>Қолдану</b>	<i>оқушылар әлеуметтік желілердің деректерін пайдаланып, диаграмма құрып, есептеулер жүргізеді. Олар электрондық кесте құралдарын қолдана отырып, нақты сұрақтарға жауап береді.</i>
<b>Түсіну</b>	<i>оқушылар әр әлеуметтік желінің қолданылу мақсаттары мен танымалдық деңгейін түсініп, олардың арасындағы айырмашылықтарды талдайды.</i>
<b>Талдау</b>	<i>оқушылар әртүрлі әлеуметтік желілердің қолданылу пайыздарын салыстырып, қайсысы ең танымал екенін анықтайды.</i>
<b>Бағалау</b>	<i>оқушылар Instagram мен TikTok қолданушыларының санын салыстырып, Instagram қолданушыларының саны қанша есе көп екенін есептейді.</i>

III тоқсан 1- апта

## БӨЛІМ АТАУЫ: 3-бөлім Python тілінде алгоритмдерді программалау Файлдармен жұмыс

Оқу мақсаты

7.3.3.1 Python программалау тілінде файлды оқу және жазу

### ТАПСЫРМАЛАР

#### №1

Сізде "abai.txt" деп аталатын файл бар, оның ішінде Абайдың бірнеше өлең жолдары жазылған.

Өлең мәтінін өңдеп, келесі тапсырмаларды орындаңыз.

Жаңа файл жасау (abai\_summary.txt):

1. Файлға келесі ақпаратты жазыңыз:
2. Өлеңдегі жалпы сөз саны.
3. Бірегей сөздер саны.
4. Ең ұзын сөз және оның ұзындығы

### Файлдың бастапқы мазмұны (abai.txt):

```
Қансонарда бүркітші шығады аңға,  
Тастан түлкі табылар аңдығанға.  
Жақсы ат пен тату жолдас бір ғанибет,  
Ыңғайлы ықшам киім аңшы адамға.  
  
Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,  
Қиыннан қиыстырар ер данасы.  
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,  
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы.
```

### abai\_summary.txt:

```
Өлеңдегі жалпы сөз саны: 28  
Бірегей сөздер саны: 25  
Ең ұзын сөз: Қансонарда (10 таңба)
```

### Ойлау дағдыларының деңгейі

<b>Қолдану</b>	<i>Мәтінді өңдеу және сандық сипаттамаларды алу үшін программалау әдістерін қолдану.</i>
<b>Түсіну</b>	<i>Мәтінді талдау және негізгі элементтерді (сөздерді) бөлектеу.</i>
<b>Талдау</b>	<i>Мәтінді компоненттерге (сөздерге) бөліп, бір-бірімен салыстыру.</i>

III тоқсан 2- апта

### Файлдық функциялармен жұмыс

Оқу мақсаты

7.3.info.1 Python программалау тілінде файлды оқу және жазу

### ТАПСЫРМАЛАР №1

Python тілінде келесі қадамдарды орындау қажет:

1. Жаңа файл құру.
2. Файлға мәтін жазу.
3. Жазылған мәтінді оқу.
4. Файлдағы мәтінді жаңарту (жаңа жол қосу).
5. Файлды жабу.

